

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының Атқару Комитеті қаулысымен бекітілді.  
Хаттама № 4, 13-т., 2025 жылғы «25» ақпан.

## **«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ-нің САЛЫҚТЫҚ ЕСЕПТІК САЯСАТЫ**

### **ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ**

Осы салықтық есептік саясаты ҚР-ның «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексiнiң (әpi қарай – Салықтық кодекс) негiзiнде құрастырылған, оларға тиесiлi:

а) осы салықтық есептік саясат Салық кодексiне сәйкес олардың салық есебiнiң тәртiбi белгiленген Кәсiподақ үшiн жергiлiктi құжат болып есептеледi;

б) Кәсiподақ бүгiн де және болашақта да өз жұмысын жүргiзедi;

в) әр қаржылық жыл 1 қаңтарда басталады және 31 желтоқсанда аяқталады;

г) қаржылық жыл iшiнде әр салық пен бюджет төлемдерiнiң түрлерi үшiн Салық кодексiнде белгiленген салық кезеңдерi болып табылады.

## **I. ҰЙЫМДАСТЫРУ–ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМІ**

### **1. Басқару, ұйымдастыру құрылымы**

Кәсiподақ төрағасы, мүшелiк кәсiподақ ұйымдардың төрағалары, өкiлдiк пен бөлiмше жетекшiлерi сынды лауазымды тұлғалар басқару қызметiн жүзеге асыруға уәкiлеттi.

Салықтық есептік саясатты құру, салық есебiн жүргiзу, өз уақытында толық әpi дәл салық есебiн тапсыру жауапкершiлiгi бас есепшiге жүктеледi. Қаржы есептерiнiң көрсеткiштерiн және оның құрамдас бөлiктерiн жасау, сондай-ақ оларға байланысты ақпараттарды ашу мәселелерi бойынша өз бетiнше шешiм қабылдауға кәсiподақ ұйымының басшылығы бас есепшiге өкiлеттiк құқық бередi.

### **2. Салықтық есеп жүйесi мен iшкi бақылау**

Кәсiподақта салықтық есеп төмендегi нормативтiк-құқықтық құжаттар, нормативтiк және жергiлiктi кәсiподақ актiлерiне сәйкес бухгалтерлiк есеп деректерi:

- 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетiн басқа да мiндеттi төлемдер туралы» № 120-VI кодексiне;

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы «Бухгалтерлiк есеп пен қаржылық есептiлiк туралы» N 234 заңына;

- 2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасының № 224-VII Әлеуметтік кодексіне;

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» № 405-V заңына;

- Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы «Ұлттық қаржылық есептілік стандарттарын бекіту туралы» № 50 бұйрығына;

- Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 22 мамырдағы № 185 бұйрығымен бекітілген бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарына;

- Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы «Бухгалтерлік есепті жүргізу ережесі туралы» № 241 бұйрығына;

- Кәсіподақтың есептік саясатымен;

- Кәсіподақ шоттарының жұмыс жоспарымен;

- Кәсіподақтың салықтық есептік саясатымен;

- бухгалтерлік есепті ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстармен, нұсқаулар және басқа да нормативтік актілеріне негізделіп әзірленді.

Салықтық есептің мақсаты ҚР Салық кодексінің талаптарына сәйкес салық салу нысаны және салық салу нысанына қатысты объектілер, сондай-ақ Кәсіподақ ұйымдарының салықтық есептерін жасау, салық төлемдері, басқа да бюджетке міндетті төлемдер мен аударымдар туралы ақпараттарды жинақтау және жүйелеу үшін кәсіподақтың есептік құжаттарын жүргізу болып табылады.

Кәсіподақта салық есеп:

- Кәсіподақтың салық кезеңінде салық салу мақсатында жүргізген операциялар тәртібінің есебі туралы толық және анық ақпараттарды құруды;

- анық салық есептерін құруды;

- салықтық бақылау үшін салық қызметі органдарына ақпарат беруді қамтамасыз ету үшін жүргізіледі.

Алдыңғы кезеңдерде салық есептерін жасауда жіберілген қателіктер орын алған жағдайда түзету сомалары қосымша салық есептілік үлгілерінде көрсетіледі.

Кәсіподақтың салықтық есептік саясатына өзгертулер мынадай жағдайлар болғанда енгізіледі:

- Салық кодексіндегі өзгерістер салықтық есептің өзгерістеріне әсерін тигізгенде;

- өзгерістер Кәсіподақтың салықтық есептеріндегі оқиғалар мен операцияларды анағұрлым анық ұсынылуына алып келгенде.

### **3. Есеп құжаттамасы**

Есептік құжаттамалар төмендегіні қамтиды:

- бухгалтерлік құжаттама;

- салық үлгілері;
- салықтық есептік саясаты;
- есеп тіркелімі мен басқа да құжаттар салық салу нысандары мен салық салуға тиісті нысандары айқындау үшін, сондай-ақ салық міндеттемесін есептеу үшін негіз болып табылады. Қазақстан Республикасы Салық кодексіне сәйкес Кәсіподақтың, мүше ұйымдардың, бөлімшелердің есептік құжаттамалары қағаз және (немесе) электронды құралдарда қазақ және (немесе) орыс тілдерінде жүргізіледі.

Барлық бухгалтерлік жазбалар шаруашылық операциялардың аяқталу фактісін растайтын бастапқы құжаттар негізінде жүргізіледі. Кәсіподақта бастапқы құжаттар операцияның аяқталу сәтінде құрылады, ал егер бұл мүмкін болмаса, операция аяқталған кезде дереу жасау керек. Кәсіподақтың бухгалтерлік есебінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйырығымен бекітілген алғашқы үлгідегі есептік құжаттардың нысандары және үлгілік емес нысандары (Кәсіподақтың өзі құрастырған) қолданылады, олар есептік саясатының міндетті қосымшалары болып табылады.

Кез келген бастапқы құжатта келесі деректемелер болады:

- құжаттың құрылған күні;
- құжатты дайындаған адамның қолы және толық аты-жөні;
- құжаттың өзінің нақты жазбаша ақпараты (ТМҚ, қызмет атауы, өлшеу бірлігі, саны, бағасы, сомасы, және т.б.);
- бастапқы есептік құжаттарының бланкісінде көрсетілген барлық мәліметтерді толтыру;
- барлық қол қойған адамдардың аты-жөндерін толық көрсету.

Бухгалтерлік жазбалар қолмен де, сондай-ақ компьютерлік есепке алу ІС Бухгалтерия жүйесінің көмегімен де жүргізіледі, 8.3 нұсқасы.

Бастапқы құжаттар мен бухгалтерлік есеп тіркелімдерінің мазмұны ҚР «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Заңының 12 бабына сәйкес коммерциялық құпия болып табылады, сондықтан Кәсіподақ басшысының рұқсат берген тұлғаларға ғана, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес мемлекеттік органдардың қызметтік лауазым иелеріне ұсынылады.

Кәсіподақ басшысы (мүшелік ұйымдардың) бухгалтерлік құжаттарға қол қоюға құқылы адамды айқындайды: бас есепші, бөлімшелердің есепшілері.

Салық үлгілері өздеріне салық есептілігін, салықтық өтінішті және салық тіркелімдерін қамтиды.

Салық үлгілері қағаз және электрондық құралдарда қазақ және (немесе) орыс тілінде жүргізіледі. Салық үлгілеріне төраға, бас есепші және нысанды құрастырған тұлға қол қояды, мөрмен куәландырады. Салық үлгілері Салық кодексінің 205 бабында белгіленген талап мерзімі ішінде сақталады.

Салық есептілігі – Қазақстан Республикасы Салық кодексінде белгіленген тәртіппен салық қызметі органдарына ұсынылатын құжат, осы

нысанда кәсіподақ ұйымы, салық салу нысандары туралы, сондай-ақ салық міндеттемелерін, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарын, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары мен аударымдарын есептеу туралы мәліметтері бар құжат болып табылады.

Салық есептілігі салық декларацияларынан, есептерден, олардың қосымшаларынан тұрады, оларды салық түрлері, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдары, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары мен аударымдары бойынша тиісті Кәсіподақ ұйымдары жүргізеді және тапсырады. Салық есептілігінің үлгілері Салық кодексінің 206 бабындағы ережелеріне сәйкес құзырлы ұйымдармен бекітіледі.

Салық кодексінің 206-бабының 3-тармағына сәйкес салық есептілігін тапсыру төмендегідей бөлінеді:

- алғашқы салық есептілігі;
- кезекті салық есептілігі;
- қосымша салық есептілігі;
- хабарлама бойынша қосымша салық есептілігі;
- таратылатын.

Салық есептілігі Қазақстан Республикасы Салық кодексінде белгіленген тәртіп пен мерзімде салық органына тапсырылады:

- апарып қолма-қол тапсыру тәртібімен;
- пошта арқылы хабарламамен тапсырыс хатпен;
- электронды жүйемен.

Салық салу нысандары болмаған жағдайда салық есептілігі тапсырылмайды.

Салық есептілігін қайтарып алу Салық кодексінің 210 бабына сәйкес салық органына салықтық өтініш берумен төмендегі себептер бойынша жүргізіледі:

- 1) салықтық тексеруді жүргізу басталғанға дейін қызметті қайта бастау туралы шешім қабылдаған жағдайда таратудың салықтық есептілігін;
- 2) осы Кодекстің 208-бабы 2-тармағының және 211-бабы 5-тармағының шарттарын бұза отырып ұсынылған;
- 3) осындай салықтық есептілікті ұсыну жөніндегі міндеттеме болмаған кезде ұсынылған;
- 4) осы Кодекстің 209-бабының 5-тармағына сәйкес ұсынылмады деп есептелетін;
- 5) камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органы анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламалар бойынша салықтық есептілікті қоспағанда, талап қоюдың ескіру мерзімі өткеннен кейін ұсынылғанда.

Қате ұсынылған салық есептілікке валюта коды, резиденция мәртебесі көрсетілмеген және (немесе) дұрыс көрсетілмеген есептілік жатады. Барлық басқа жағдайларда мәселелер арнайы жолмен шешіледі.

Салық есебіне өзгертулер енгізу Салық кодексінің 211-бабына сәйкес тиісті өзгертулерді енгізуге қажетті салық кезеңіне қосымша салық есептілігін жасау жолымен атқарылады. Қосымша салық есептілігінде алдында ұсынылған салық есептілігі мен нақты салық міндеттемелері немесе есептеулердің араларындағы айырмашылықтар көрсетіледі.

Салықтық өтініш ҚР Салық кодексінің 206-бабына сәйкес ол салық төлеушінің құқықтары мен міндеттерін іске асыру мақсатында салық қызметі органына ұсынатын құжат болып табылады. Салық өтінішінің үлгісін құзіретті органдар бекітеді. Салықтық өтініш салықтық есеп үлгісінде де ұсынылуы мүмкін.

Салық тіркелімдері ҚР Салық кодексінің 215-бабына сәйкес салық салуға байланысты салық салу нысандары туралы қажетті ақпаратты қамтитын құжат болып табылады. Салық тіркелімдері Кәсіподақ ұйымының төрағасы бекіткен үлгілер мен оларды толтырудың ережелерін, құзіретті орган белгілеген үлгілер мен оларды толтыру ережесін қамтиды.

Салықтық есептік саясаты – бұл өз бетінше қосымша әзірленген салық тіркелімдері, толықтырулар мен өзгертулері бар, Кәсіподақ Атқару комитетінің қаулысымен бекітілген нақты құжат.

## **II. САЛЫҚТЫҚ ЕСЕПТІКТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

### **1. Жалпы ережелері**

Осы салықтық есептілік саясаты Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес Кәсіподақ ұйымдарында міндеттілік, айқындылық, әділдік пен біркелкілік ұстанымында қолданыстағы салық жүйесінде салық есептілігін регламентациялау мақсатында құрастырылған.

Міндеттілік ұстанымы қатаң түрде қолданыстағы Қазақстан Республикасы салық заңнамасына сәйкес Кәсіподақ ұйымы салықтар мен бюджетке міндетті төлемдерді есептеу, ұстап қалу және толық көлемде және белгіленген мерзімде төлеуді қарастырады.

Айқындылық ұстанымы кәсіподақ ұйымдары салық есебінде және өздерінің салық тіркелімдерінде салық міндеттемелерінің негіздері мен пайда болуларын, орындалуы мен тоқтатуларын анық көрсетіп, жүргізулерін көздейді. Салық тіркелімдерінде уәкілетті органдар бекіткен салық есептіліктер нысандарының әр жолында сандық көрсеткіштер жіктеліп көрсетіледі.

Әділдік ұстанымы Кәсіподақ ұйымдары Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көрсетілген салық жеңілдіктерін пайдаланатындығын көздейді.

Салық жүйесіндегі біркелкілік ұстанымы Кәсіподақ және оның ұйымдары Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің талаптарына толық сәйкес салық есептілігін жүргізуді қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің талаптарына сәйкес Кәсіподақ, оған мүшелік ұйымдары, филиалдары келесі салықтар мен міндетті төлемдерді төлеушілер болып табылады:

- жеке табыс салығы;
- әлеуметтік салық;
- міндетті әлеуметтік сақтандыру;
- міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар (әрі қарай - МӘМС);
- міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар (әрі қарай – МӘМС жарнасы);
- міндетті зейнетақы жарналары;
- жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары;
- көлік салығы;
- жер салығы;
- мүлік салығы;
- қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы.

## **2. Жеке табыс салығы**

Жеке табыс салығын (әрі қарай – ЖТС) салу Салық кодексінің 8-бөлімімен (316-б.) реттеледі.

ЖТС төлеушілері болып Салық кодексінің 316-бабында көрсетілген салық салу нысандары бар жеке тұлғалар табылады.

ЖТС салу нысандары болып жеке тұлғалардың табыстарын қамтамасыз ететін ұйымның төмендегі төлем көздері жатады:

1) кәсіподақ қызметкерлерінің табыстары, оған жататындары: ақшалай немесе натуралды түрде есептелген еңбекақы; кезектен тыс, түнгі уақытта, мейрам және демалыс күндердегі жұмыс үшін үстемақы; еңбекке жарамсыздығы қағазы бойынша төлемдер; әртүрлі сыйлықақылар мен көтермелеу төлемдері; ақшалай немесе натуралды түрде берілген материалдық көмек; әртүрлі бір рет берілетін төлемдер; өтемдік төлемдер; еңбекақы демалысы үшін үстемақылар;

2) кәсіподақ ұйымы сатқан ТМҚ немесе көрсетілген қызметтерден алынған жеке тұлғалардың табыстары, егер өнім жеткізушінің жоғарыда көрсетілген іс-әрекеттерді жүзеге асыруға заңды құқықтық мемлекеттік тіркеуі болмаған жағдайда (бір реттік талон, ЖК куәлігі);

3) Салық кодексінің 319-бабының 1 және 2 тармақшаларында көрсетілмеген басқа табыстар.

Салық кодексінің 320-бабының 2-тармағында көрсетілген табыстардан басқа, салық төлеушінің табыстарына 10 % мөлшерлеме бойынша салық салынады.

Салық кодексінің 342-бабына сәйкес жеке тұлғаның мынадай салықтық шегерім түрлерін қолдануға құқығы бар:

1) міндетті зейнетақы жарналары түріндегі салықтық шегерім – Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген мөлшерде;

2) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары бойынша салықтық шегерім;

3) стандартты салықтық шегерімдер (бұдан әрі – стандартты шегерімдер);

4) көпбалалы отбасылар үшін салықтық шегерімдер;

5) өзге салықтық шегерімдер (бұдан әрі – өзге шегерімдер), олар: ерікті зейнетақы жарналары бойынша салықтық шегерімді; оқытуға арналған салықтық шегерімді; медицинаға арналған салықтық шегерімді; сыйақылар бойынша салықтық шегерімді қамтиды.

Міндетті зейнетақы жарналары және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары түріндегі салықтық шегерімді қоспағанда, салық агенті салықтық шегерімдерді төлем көзінен жеке тұлғаның уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша салықтық шегерімдерді қолдану туралы өтініші және растайтын құжаттардың көшірмелері негізінде қолданады.

Салық агентіне де, сол сияқты жеке тұлғаға да ағымдағы күнтізбелік жылда қолданған көпбалалы отбасылар үшін салықтық шегерім мен өзге шегерімдер жалпы сомасының шекті мөлшері айлық есептік көрсеткіштің 564-еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

Салық кодексінің 346-бабына сәйкес мыналар стандартты шегерімдер болып табылады:

1) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 14-еселенген мөлшері. Стандартты шегерім әрбір күнтізбелік айға қолданылады. Күнтізбелік жыл үшін стандартты шегерімнің жалпы сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 168-еселенген мөлшерінен аспауға тиіс;

2) осы тармақшада көрсетілген тұлғаға ағымдағы күнтізбелік жылда айлық есептік көрсеткіштің 882-еселенген мөлшері қолданылады:

- ҰОС қатысушы, жеңілдіктер бойынша ҰОС қатысушыларына теңестірілген адам және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагері;

- ҰОС жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адам;

- 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және ҰОС жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адам;

- бірінші, екінші немесе үшінші топтардағы мүгедектігі бар адам.

Салық кодексінің 347 бабына сәйкес көпбалалы отбасы үшін салықтық шегерім күнтізбелік жылға айқындалған айлық есептік көрсеткіштің 282-еселенген мөлшерінен аспайтын жиынтық мөлшерде екі ата-анаға мынадай тәртіптердің бірімен:

1) көпбалалы отбасы ата-анасының біріне – ай сайын айлық есептік көрсеткіштің 23-еселенген мөлшерінде;

2) көпбалалы отбасы ата-анасының әрқайсысына ай сайын айлық есептік көрсеткіштің 12-еселенген мөлшерінде қолданылады.

Шегерім қолданылатын күнтізбелік жылдың 1 қаңтарына жеке тұлғаның кәсіпкерлікке толмаған төрт және одан көп баласы болған жағдайда көпбалалы отбасы үшін салықтық шегерім қолданылады, ол балаларының туу туралы куәліктерінің көшірмелерімен расталады.

Салық кодексінің 351 бабына сәйкес Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғасы сыйақылар бойынша салықтық шегерімді банктерден және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алған ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыны төлеуге арналған шығыстар бойынша қолданады.

Сыйақылар бойынша салықтық шегерім күнтізбелік жылға айқындалған айлық есептік көрсеткіштің 118-еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде қолданылады.

Сыйақылар бойынша салықтық шегерімді қолдану үшін мыналар растайтын құжаттар болып табылады:

1) банкпен немесе қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен ипотекалық тұрғын үй қарызы шарты;

2) сыйақы сомасы бөліп көрсетілген ипотекалық тұрғын үй қарызын өтеу кестесі;

3) осындай қарыз бойынша сыйақының өтелгенін растайтын құжат.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салықтық шегерім, оқытуға арналған салықтық шегерім, медицинаға арналған салықтық шегерім Салық кодексінің 348-350 баптарына сәйкес қолданылады.

Жеке тұлғаның табыстары болып есептелінбейді және осыған байланысты ЖТС салынбайды:

- Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жеке тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген залалды өтеу;

- қызметтік іссапар кезіндегі өтеулер: іссапар орнына дейін және кері қайтуға арналған жол жүру шығыстары (жол жүру құжаттарына сәйкес), іссапар мекеніндегі жатын орнының шығыстары (жатын орнына көрсетілген қызмет үшін төлем құжаттары бойынша), визаны алу және консулдық қызмет шығыстары (құжаттарға сәйкес);



- республикалық бюджет туралы заңына сәйкес тиісті қаржы жылына бекітілген Қазақстан Республикасы аумағындағы іссапарға төленетін тәуліктік өтемақы 6 АЕК-тен көп емес мөлшерде;

- республикалық бюджет туралы заңына сәйкес тиісті қаржы жылына бекітілген Қазақстан Республикасы аумағынан тыс іссапарға төленетін тәуліктік өтемақы 8 АЕК-тен көп емес мөлшерде;

- берілген арнайы киім, арнайы аяқ киім мен арнайы тамақтану және басқа да жеке қорғану құралдары мен алғашқы медициналық көмектің құны;

- сот шешімі бойынша белгіленген материалдық шығын сомасын өтеу;

- ҚР заңнамасында белгіленген мөлшерде мерзімінде ұстап қалмау (есептемеу) және аударылған міндетті зейнетақы жарналарына есептелген өсімақы төлемдері;

- осы салықтық есептілік саясатында көрсетілмеген, бірақ Салық кодексінің 319 бабында көрсетілген басқа да төлемдер.

Төлем көздерінен алынатын табыстардың ЖТС есептеудің салық кезеңі күнтізбелік ай болып табылады.

Кәсіподақ, мүшелік ұйымдар, филиалдар бюджетке төленетін ЖТС бойынша салық агенттері болып табылады. Бюджет алдындағы ЖТС бойынша міндеттеме салық кезеңінде жеке тұлғаға төленген табыс сомасына ғана тиесілі, себебі Салық кодексінің 353-бабының 2-тармағына сәйкес ЖТС ұстау төлем көздерінен алынатын табысты төлеген күннен кешікпей жасалады. Төленген табыстар бойынша ұсталынған ЖТС-ті бюджетке аударылуы Салық кодексінің 353-бабының 3-тармағына сәйкес төлем айынан кейінгі айдың 25-нен кешіктірілмей тұрғылықты мекенжай бойынша жүзеге асырылуы керек.

Салық кодексінің 353-бабының 4-тармағына сәйкес Кәсіподақ, оған мүшелік ұйымдар өздерінің филиалдары үшін салық агенттері болып табылады. Алайда, құзіретті органдардың шешімі негізінде филиалдар әлеуметтік салық төлемдері бойынша салық агенттері болып табылады (Салық кодексінің 355-бабының 2-тармағы), сондықтан оларды жеке табыс салығы бойынша да салық агенттері ретінде санауға да болады.

Тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15 жұлдызынан кешіктірілмей, Кәсіподақтар, мүшелік ұйымдар, филиалдар тұрғылықты мекенжайлары бойынша 200.00 нысандағы ЖТС және әлеуметтік салық Декларациясын тапсырады. Филиалдар бойынша ЖТС және әлеуметтік салық бойынша Декларациясы (оның ішінде МӘМС) сол мерзімде тапсырылады.

200.00 үлгісін ұсынуға қажетті бухгалтерлік есептердің деректері кәсіподақтың (мүшелік ұйымдардың) ЖТС және ӘС бойынша салық тіркеліміне енгізіледі, ол ай сайын және тоқсан басынан үдетпелі қорытындымен толтырылады (№ 1 қосымша).

Орындаушының таңдауы бойынша салық тіркелімі электронды түрде немесе қағаз тасымалдағыш түрінде жүргізіледі. Кәсіпорында еңбекақыны есептеуге жауапты тұлға атқарушы болып табылады.

### **3. Әлеуметтік салық**

Әлеуметтік салығын салу Салық кодексінің 12-бөлімінің 482-485 баптарымен реттеледі.

Салық кодексінің 482-бабына сәйкес бөлімшелер тәуелсіз әлеуметтік салық төлеуші болып табылады.

Егер қызметкерге есептелген күнтізбелік ай ішіндегі табыстың жалпы сомасы ағымдағы қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңында белгіленген ең төменгі жалақыдан кем болса, әлеуметтік салық салу нысаны ең төменгі жалақы негізінде анықталады.

Әлеуметтік салық:

- 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 11 % ставкалары бойынша есептелінеді.

Әлеуметтік салықты есептеу үшін салық кезеңі күнтізбелік ай болып табылады.

Бюджетке әлеуметтік салықты төлеу жөніндегі міндет Кәсіподақта (мүшелік ұйымда, филиалдарда) «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес есептелген әлеуметтік аударымдар сомасына азайтылған салық кезеңі үшін жеке тұлғаларға есептелген табыс сомасына туындайды.

Төлемшілердің міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі қатысушылары үшін қорға тиісті әлеуметтік аударымдары әлеуметтік аударымдар нысанынан 5% құрайды. Әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін ай сайынғы табыс ағымдағы қаржы жылына бекітілген ең төменгі еңбекақының 7-реттік мөлшерінен аспауы тиіс.

Әлеуметтік аударым сомасы азайтылып есептелген әлеуметтік салықты бюджетке аудару төлем жасалған айдан кейінгі айдың 25-ші жұлдызынан кешіктерілмей жүргізілуі тиіс.

Филиалдар әлеуметтік салық төлеушілер болып табылады. Филиалдар бюджетке тиісті әлеуметтік салық төлемдерді тұрғылықты мекенжайлары бойынша жүргізіледі.

Тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-жұлдызынан кешіктірілмей, ұйымдар мен олардың филиалдары тұрғылықты мекенжайы бойынша 200.00 нысандағы ЖТС және әлеуметтік салығының Декларациясын тапсырады. 200.00 нысанын ұсынуға қажетті бухгалтерлік есептердің деректері ЖТС және ӘС бойынша салық тіркеліміне енгізіледі, ол ай сайын және тоқсан басынан үдетпелі қорытындымен толтырылады (№ 1 қосымша).

Қажетті құжаттар мен мәліметтерді Кәсіподақ пен оған мүшелік ұйымдарға мерзімінде ұсыну жауапкершілігі филиалдардың бірінші басшыларына жүктеледі.

ЖТС және ӘС бойынша салық тіркелімі орындаушының таңдауы бойынша электрондық немесе қағаз тасымалдағыш түрінде жүргізіледі. Еңбекақыны есептейтін жауапты тұлға орындаушы болып табылады.

#### **4. Міндетті әлеуметтік сақтандыру**

Кәсіподақ Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII «Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексіне» (бұдан әрі – Әлеуметтік кодекс) сәйкес әлеуметтік аударымдардың төлеушісі болып табылады.

Әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу бойынша Кәсіподақ Әлеуметтік кодексінің және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі 2023 жылғы 21 маусымдағы № 229 бұйрығымен бекітілген әлеуметтік аударымдарды есептеу және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төлеу және олар бойынша өндіріп алу қағидаларының, сондай-ақ салықтық есептік саясатының осы бөлімнің талаптарын басшылыққа алады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыруға:

1) жұмыскерлер, ақы төленетін өзге де жұмысы бар (сайланған, тағайындалған немесе бекітілген), оның ішінде Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінде және консулдық мекемелерінде еңбек қызметін жүзеге асыратын адамдар;

2) нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) болып табылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық агенттерімен жасасқан азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістер алатын, оның ішінде Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінде және консулдық мекемелерінде жұмыс істейтін жеке тұлғалар (бұдан әрі – азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістер алатын жеке тұлғалар) жатады.

Кәсіподақ міндетті әлеуметтік сақтандыру сомасын Әлеуметтік кодекстің 244-бабында көрсетілген мөлшерлемені (2025 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінің 5 пайызы мөлшерінде) Әлеуметтік кодекстің 245-бабында көрсетілген әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісіне қолдана отырып есептейді.

Кәсіподақ әлеуметтік аударымдарды Қорға есепті айдан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей, әлеуметтік аударымдар төленетін айды көрсете отырып, ай сайын төлейді.

Бір төлеушіден әлеуметтік аударымдарды есептеудің ай сайынғы объектісі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 7-еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

Егер күнтізбелік ай үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын жалақының ең төмен мөлшерінен аз болса, онда әлеуметтік аударымдар жалақының ең төмен мөлшері негізге алына отырып есептеледі, төленеді.

Әлеуметтік аударымдарды есептеу кезінде тиындармен есептелген сомалар тиындардың сомасына қарамастан 1 теңгеге дейін дөңгелектенеді.

Қорға әлеуметтік аударымдар:

1) Салық кодексінің 319-бабы 2-тармағының 3), 4) тармақшаларында және 31) тармақшасының тоғызыншы абзацында көрсетілген кірістерді қоспағанда, Салық кодексінің 319-бабының 2-тармағында белгіленген;

2) Салық кодексінің 341-бабы 1-тармағының 9), 10), 12), 14) тармақшаларында, 17) тармақшасының алтыншы абзацында, 21) және 50) тармақшаларында көрсетілген кірістерді қоспағанда, Салық кодексінің 341-бабының 1-тармағында белгіленген;

3) Салық кодексінің 484-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында белгіленген кірістерден төленбейді.

### **5. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар мен жарналар**

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды есептеу объектісі (МӘМС аударымдар) МӘМС Заңының 29-бабына сәйкес есептелген, осы баптың 4-тармағында белгіленген кірістерді қоспағанда, қызметшіге кіріс түрінде төленетін Кәсіподақ шығыстары болып табылады.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналарды есептеу объектісі (МӘМС жарналары) МӘМС Заңының 29-бабына сәйкес есептелген, осы баптың 4-тармағында белгіленген кірістерді қоспағанда, қызметкерге кіріс түрінде және азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша барлық есепке жазылған кірістер аталған шарттар бойынша жеке тұлғаның кірістері түрінде төленетін Кәсіподақ шығыстары болып табылады.

Қорға аударымдар және (немесе) жарналар мынадай төлемдер мен кірістерден ұсталмайды:

1) Салық Кодексінің 319-бабының 2-тармағында көрсетілген кірістер;

2) Салық Кодексінің 341-бабы 1-тармағының 10), 12), және 13) тармақшаларында көрсетілген кірістерді қоспағанда, Салық Кодексінің 341-бабының 1-тармағында көрсетілген кірістер;

3) Салық Кодексінің 654-бабының 10) тармақшасында көрсетілген кірістер;

4) гранттар қаражаты есебінен төленетін төлемдер (жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу және жеке тұлғаларға азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге) ақы төлеу түріндегі төлемдерден басқа);

5) жұмыс беруші жеке тұлғаның қызметі тоқтатылған не жұмыс беруші заңды тұлға таратылған, жұмыскерлердің саны немесе штаты қысқартылған жағдайларда еңбек шарты бұзылған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерлердегі өтемақы төлемдері.

Аударымдарды мен жарналарды есептеу үшін қабылданатын ай сайынғы объект республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 10-еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

Республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының он еселенген мөлшеріне тең кіріс сомасынан жарналарды төлеу кезінде жеке тұлғаның басқа кірістерінен жарналар төлеу осындай жарналардың төленгенін растайтын құжаттар болған кезде талап етілмейді. Жұмыс беруші және (немесе) салық органы берген, алынған кірістердің, есептелген және төленген жарналардың сомалары туралы анықтама осындай құжат болып табылады.

Кәсіподақ аударымдардың сомасын МӘМС Заңының 27 бабына сәйкес (2022 жылғы 1 қаңтардан бастап – жарналарды есептеу объектісінің 3 пайызы) мөлшерлемені қолдана отырып МӘМС Заңының 27-бабында көрсетілген аударымдарды есептеу объектісінен есептейді.

Кәсіподақ жарналардың сомасын МӘМС Заңының 28-бабына сәйкес (2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – жарналарды есептеу объектісінің 2 пайызы) мөлшерлемені қолдана отырып қызметкерлердің, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістер алатын жеке тұлғалардың табысынан есептейді.

Кәсіподақ есептелген (ұстап қалған) аударымдарды және (немесе) жарналарды кейіннен Мемлекеттік корпорациядан қордың шотына аудару үшін банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы кірістер төленген айдан кейінгі айдың 25-нен кешіктірмей аударылады.

Аударымдарды және (немесе) жарналарды есептеу (ұстап қалу) және аудару мынадай тәртіппен тиындарды дөңгелектеуді ескере отырып, теңгеде жүргізіледі:

- 50 тиынға дейінгі сома 0 теңгеге дейін дөңгелектенеді;
- 50 тиыннан жоғары сома 1 теңгеге дейін дөңгелектенеді.

## **6. Міндетті зейнетақы жарналары**

Міндетті зейнетақы жарналары есептеу және ұстап қалу объектісі жұмыс берушінің жұмысшылардың еңбекақысын төлеу бойынша шығыстары (еңбекақылардың барлық түрлері: мұндай шығыстарға қызметкерлерге ақшалай немесе заттай нысанда төленетін кез келген кірістер, оның ішінде материалдық және әлеуметтік игіліктер немесе басқа да материалдық игіліктер түріндегі кірістер жатады), сондай-ақ жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету бойынша жасалған азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша ақы алатын жеке тұлғалардың кірістері болып табылады.

БЖЗҚ-ға аударылатын міндетті зейнетақы жарналары:

1) Салық кодексінің 319-бабы 2-тармағының 31) тармақшасының тоғызыншы абзацында көрсетілген тұлғаларды қоспағанда, 319-бабының 2-тармағында көрсетілген;

2) Салық кодексінің 329-бабында, 330-бабының 1-тармағында көрсетілген;

3) Салық кодексінің 341-бабы 1-тармағының 12), 26), 27) және 50) тармақшаларында, сондай-ақ 341-бабының 1-тармағының 42) және 43)

тармақшаларында (жоғалтылған табыс (кіріс) бөлігінде) белгіленгендерден басқа, Салық кодексінің 341-бабының 1-тармағында көрсетілген кірістер мен төлемдерден ұсталмайды (бұл ретте БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналары Салық кодексінің 341-бабының 1-тармағы 17) тармақшасының алтыншы абзацында көзделген кірістерден ұсталмайды);

4) Салық кодексінің 346-бабының 1-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген мүгедектігі бар тұлғалар мен өзге де тұлғалардың заттай немесе материалдық игіліктер түрінде алған кірістер мен төлемдерден ұсталмайды.

Міндетті зейнетақы жарналарының сомасын Кәсіподақ Әлеуметтік кодекстің 249-бабында да айқындалатын салық салу объектісіне Әлеуметтік кодекстің 249-бабында көзделген 10 пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы ұстайды.

Кәсіподақ міндетті зейнетақы жарналарын кірістер төленген айдан кейінгі айдың 25-нен кешіктірмей жүзеге асырады.

Міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін айына алынатын кіріс республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 50-еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

## **7. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары**

Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есептеу объектісі қызметкерлерге ақшалай немесе заттай нысанда төленетін кез келген кірістер болып табылады.

Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары Кәсіподақ өз қаражаты есебінен жүргізеді.

Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есептеу кезінде:

1) Салық кодексінің 319-бабының 2-тармағында көрсетілген;

2) Салық кодексінің 329-бабында, 330-бабының 1-тармағында көрсетілген;

3) Салық кодексінің 341-бабы 1-тармағының 12), 26), 27) және 50) тармақшаларында, сондай-ақ 341-бабының 1-тармағының 42) және 43) тармақшаларында (жоғалтылған табыс (кіріс) бөлігінде) белгіленгендерден басқа кірістер;

4) Салық кодексінің 346-бабының 1-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген мүгедектігі бар тұлғалар мен өзге де тұлғалардың заттай немесе материалдық игіліктер түрінде алған кірістер мен төлемдерден ұсталмайды.

Кәсіподақ жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын Әлеуметтік кодекстің 249-бабында көрсетілген есептеу мақсаттары үшін алынатын кірістен Әлеуметтік кодекстің 251-бабында көрсетілгендей 2025 жылға 2,5% мөлшер шегінде есептелінеді.

Кәсіподақ жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын кірістер төленген айдан кейінгі айдың 25-нен кешіктірмей жүзеге асырады.

Міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін айына алынатын кіріс республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең

төменгі жалақыдан төмен болмауы және ең төменгі жалақының 50-еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

## 8. Көлік құралдарына салық

Көлік құралдарына салық салу Қазақстан Республикасы Салық кодексімен реттеледі.

Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелері көлік құралына салық төлеушілер болып табылады (мысал):

№	Көлік құралы	Мемлекеттік нөмірі	Шығарылған жылы	Қозғалтқыш көлемі	Тіркелген орны	Ескерту
1	Mercedes-benz ML 350 автокөлігі	Z542CR	2007 ж.	3500	Астана қ.	

Көлік құралдарының салығы Салық кодексінің 490-бабына сәйкес салық ставкалары бойынша есептеледі.

Көлік құралының салық сомасы әр нысанға жеке есептеледі.

Салық кезеңі болып күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсан аралығы болып табылады.

Ағымдағы жылдың 5 шілдесінен кешіктірілмей көлік құралының тіркелген мекенжайы бойынша салық органына көлік құралдары салығының ағымдағы төлемінің 701.00 нысанындағы Есеп Декларация ұсынылады.

Есептік жылдан кейінгі 31 наурыздан кешіктірілмей 700.00 үлгісіне сәйкес көлік құралдарының салығы, жер салығы және мүлік салығы бойынша (салық салу нысандары болған жағдайда) Декларациясы ұсынылады.

Көлік құралына жеке меншікке, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында сатып алған жағдайда, салық мерзімінің 1-шілдесінен кейін заңды тұлғалар Салық кодексінің 494-бабы 2-тармағына сәйкес салық мерзіміне декларация ұсыну мерзімінен кейін 10 күннен кешіктірмей аталған көлік бойынша салық төлемін жүргізеді. Жеке меншікке, жедел басқару немесе шаруашылық жүргізуге сатып алынған (берілген) көлік құралдарына салық салу объектілері бойынша, салық органына көлік құралдарына салық бойынша ағымдағы төлем Есебін ұсынғаннан кейінгі мерзімде есепті түзету сомасын көрсететін 701.00 қосымша Нысан беріледі.

Бухгалтерлік есептің мәліметі бойынша ай сайын 700.00 нысанды ұсыну үшін салық тіркеліміне түзетулер енгізіледі (егер ондай орын алған болса). Толтыруы туралы қысқаша түсіндірмесі бар салық тіркелім нысаны осы салықтық есептік саясатының міндетті қосымшасы болып табылады (№ 2 қосымша). «Көлік құралдарының салығын есептеу кестесі» салық тіркелімі орындаушының таңдауы бойынша электрондық немесе қағаз тасымалдағыш түрінде жүргізіледі. Көлік құралдарының салығын есептеу кестесі» салық тіркелімі қағаз тасымалдағышқа шығарылып, орындаушы, бас есепші мен кәсіподақ ұйымының төрағасы қол қояды. «Көлік құралдарының салығын есептеу кестесі» салық тіркелімі әр бөлімшелерде жүргізіледі.

## 9. Мүлік салығы

Мүлік салығын салу Салық кодексімен реттеледі.

Салық кезеңі болып күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсан аралығы болып табылады.

Салық салу нысанының орналасқан жері бойынша ағымдағы жылдың 15 ақпанынан кешіктірілмей салық органына 701.01. үлгісі бойынша мүлік салығының ағымдағы төлем Есебі ұсынылады. Келесі есептік жылдың 31 наурызынан кешіктірілмей 700.00 үлгі бойынша көлік құралына, жерге және мүлікке салынатын салық Декларациясы ұсынылады.

Мүлік салығы салық салу нысанының баланстық құнының 0,1 пайыздық жүктеме бойынша есептелінеді. Салық кодексінің 520-бабының 2-тармағына сәйкес орташа жылдық баланстық құны салық салу нысанының ағымдағы жылдың әр айдың бірінші күні және келесі есептік жылдың бірінші айы бірінші күніне дейінгі баланстық құнының қосу арқылы алынған сомасының он үштен бір сомасы ретінде анықталады. Баланстық құн ҚЕҰС талаптарына сай белгіленге ұйымның Есеп саясатының ережелеріне сәйкес анықталады. Есеп саясатының талаптарына сәйкес коммерциялық қызметке қолданылмайтын негізгі құралдарға өтелім есептелінбейді, сол себептен жыл бойы баланстық құны өзгермейді.

Баланстық құнының өзгеруі есепті кезеңнің соңында қайта бағалаудың нәтижесінде пайда болады, мүлікті қайта бағалау тек арнайы лицензиясы бар тәуелсіз бағалаушы арқылы ғана жүргізіледі.

Жоғарыда аталғанның негізінде, ағымдағы жылдың 15 ақпанында ұсынылатын мүлік салығы төлемдерінің Есебіне, есептік жылдың 1 қаңтар жағдайына мүліктің жалпы құнының 0,1% тең сомасы енгізіледі. Салық кезеңі барысында мүлік салығы бойынша салық міндеттемелеріне өзгерістер пайда болған жағдайда салық салу нысандарының 1 ақпан, 1 мамыр, 1 тамыз және 1 қарашадағы жағдайына сәйкес тиісінше ағымдағы жылдың 15 мамыр, 15 тамыз, 15 қарашасында ағымдағы төлемдердің қосымша есебі ұсынылады.

Ағымдағы салық төлемдерінің сомалары салық салу нысанының тұрғылықты жері бойынша тиісті бюджетке ұсынылған ағымдағы төлемдер Есебі мен оған жүргізілген түзетулер деректеріне сәйкес тең үлестермен 25 ақпан, 25 мамыр, 25 тамыз бен 25 қарашадан кешіктерілмей төленеді.

Бухгалтерлік есептің деректері бойынша ай сайын 700.00 үлгіні ұсыну үшін «Мүлік салығы бойынша есептік кесте» салық тіркеліміне түзетулер енгізіледі (егер ондай орын алған болса), ол ағымдағы жылдың 1 қаңтары жағдайына сәйкес толтырылады. Толтыруы туралы қысқаша түсіндірмесі бар салық тіркелім нысаны осы салықтық есептік саясатының міндетті қосымшасы болып табылады (№ 3 қосымша). «Мүлік салығы бойынша есептік кесте» салық тіркелімі орындаушының таңдауы бойынша электрондық немесе қағаз тасымалдағыш түрінде жүргізіледі. Негізгі құралдардың есебін жүргізуші тұлға орындаушы болып табылады. Бөлімшелер туралы Ережеге сәйкес, құрылымдық бөлімшелер жылжымайтын мүліктің иесі немесе үйлестірушісі бола алмайды, сол



себептен бөлімшелерде мүлік салығы бойынша салық тіркелімі жүргізілмейді.

Жылдың соңында «Мүлік салығы бойынша есептік кесте» салық тіркелімі қағаз тасымалдағышқа басып шығарылып, орындаушының, бас есепші мен кәсіподақ ұйым төрағасының қолы қойылады.

## **10. Жер салығы**

Жер салығын салу Салық кодексімен реттеледі.

Ағымдағы жылға жер салығының сомасын анықтау үшін ставкалар (Салық кодексінің 503-бабы).

Салық кезеңі болып күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанға дейін болып табылады.

Салық салу нысанының орналасқан жері бойынша ағымдағы жылдың 15 ақпанынан кешіктірілмей салық органына 701.01. үлгісі бойынша жер салығының ағымдағы төлем Есебі ұсынылады. Келесі есептік жылдың 31 наурызынан кешіктірілмей 700.00 Нысаны бойынша жер салығы Декларациясы ұсынылады. Салық кезеңі барысында жер салығы бойынша салық міндеттемелеріне өзгерістер пайда болған жағдайда салық салу нысандарының 1 ақпан, 1 мамыр, 1 тамыз және 1 қарашадағы жағдайына сәйкес тиісінше ағымдағы жылдың 15 ақпан, 15 мамыр, 15 тамыз, 15 қарашасында ағымдағы төлемдердің қосымша есебі ұсынылады. Ағымдағы салық төлемдерінің сомалары салық салу нысанының тұрғылықты жері бойынша тиісті бюджетке ұсынылған ағымдағы төлемдер Есебі мен оған жүргізілген түзетулер деректеріне сәйкес тең үлестермен 25 ақпан, 25 мамыр, 25 тамыз бен 25 қарашадан кешіктірілмей төленеді.

Бухгалтерлік есептің мәліметі бойынша ай сайын 700.00 үлгіні ұсыну үшін «Жер салығы бойынша есептік кесте» салық тіркеліміне түзетулер енгізіледі (егер ондай орын алған болса), ол ағымдағы жылдың 01 қаңтары жағдайына сәйкес толтырылады. Толтыруы туралы қысқаша түсіндірмесі бар салық тіркелім нысаны осы салықтық есептік саясатының міндетті қосымшасы болып табылады (№ 4 қосымша). «Жер салығы бойынша есептік кесте» салық тіркелімі орындаушының таңдауы бойынша электрондық немесе қағаз тасымалдағыш түрінде жүргізіледі. Негізгі құралдардың есебін жүргізуші тұлға орындаушы болып табылады. Жылдың соңында «Жер салығы бойынша есептік кесте» салық тіркелімі қағаз тасымалдағышқа басып шығарылып, орындаушының, бас есепші мен кәсіподақ ұйым төрағасының қолы қойылады.

Бөлімшелер туралы Ережеге сәйкес, құрылымдық бөлімшелер негізгі құралдардың иесі немесе үйлестірушісі бола алмайды, сол себептен филиалдарда жер салығы бойынша салық тіркелімі Кәсіподақта, мүшелік ұйымдарда жүргізіледі.

## 11. Корпоративтік табыс салығы

Корпоративтік табыс салығы (әрі қарай – КТС) Салық кодексімен реттеледі.

Ұйым мен оның құрылымдық бөлімшелерінің қайырымдылық пен демеушілік көмек, өтеусіз алынған мүлік, аударымдар мен жәрдемақылар түрінде алынған табыстарына – корпоративтік табыс салығы салынбайды, өйткені салық төлеуші келесі шарттарға сай келеді:

1) қоғамдық мүддеге қызмет атқарады және одан табыс табу мақсатын көздемейді;

2) қатысушылар арасында таза табысты немесе мүлікті бөлмейді.

Кәсіподақ, мүше ұйымдар мен оның бөлімшелері корпоративтік табыс салығын есептемейді, Есебін ұсынбайды және аванстық төлемдерді төлемейді, өйткені КТС салынатын табыстар (басқа табыстарды) алмайды.

Корпоративтік табыс салығы бойынша Декларация есепті жылдан кейінгі 31 наурызынан кешіктірілмей ұсынылады. КТС Декларациясымен қатар салық органына орналасқан жері бойынша ҚЕҰС талаптарына сәйкес жасалған жылдық Қаржылық есеп ұсынылады. Бухгалтерлік есептің деректері 100.00 үлгіні ұсыну үшін «Кәсіподақтың (мүше ұйымдардың, бөлімшелердің) КТС бойынша жылдық жедел деректері» салық тіркеліміне ай сайынғы және жыл басынан үдетпелі қорытындыларымен енгізіледі. Толтыруы туралы қысқаша түсіндірмесі бар салық тіркелім нысаны осы салықтық есептілік саясатының міндетті қосымшасы болып табылады (№ 5, 6 қосымшалар). «КТС бойынша жылдық жедел деректері» әр бөлімшеде жүргізіледі. Қажетті құжаттар мен ақпаратты мерзімінде ұсыну жауапкершілігі бөлімшелердің бірінші басшыларына жүктеледі.

«КТС бойынша жылдық жедел деректер» салық тіркелімі орындаушының таңдауы бойынша электрондық немесе қағаз тасымалдағышта жүргізіледі. Бас есепші орындаушы болып табылады.

Жылдың соңында «КТС бойынша жылдық жедел деректер» салық тіркелімі қағаз түрінде басып шығарылып, орындаушының, бас есепші мен кәсіподақ ұйым төрағасының қолы қойылады.

## 12. Қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы

Қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы ҚР Салық кодексімен реттеледі.

Қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы келесі шығындар мен лаस्ताудың көздері Салық кодексінің 576 бабы 4 тармағына сәйкес есептеледі:

№	Ластанған нысанның аталуы	2025 жылға эмиссияның белгіленген көрсеткіші	Ластанған нысанның орналасқан жері	Ескерту
	Жылжымалы көздерден атмосфералық ауаға шығатын АЗ ластары (этиленденбеген бензин үшін)	0,66 АЕК	Астана қ.	

Төлеушілер қоршаған ортаға теріс әсер етудің нақты көлемі үшін төлемақы сомасын есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 25-нен кешіктірмей төлейді.

Төлемақы төлеушілер декларацияны тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірмей тапсырады.

«Қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу бойынша» салық тіркелімі бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде жүргізіледі. Толтыруы туралы қысқаша түсіндірмесі бар салық тіркелім нысаны осы салықтық есептік саясатының міндетті қосымшасы болып табылады (№ 7 қосымша).

«Қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы бойынша жылдық жедел деректер» салық тіркелімі орындаушының таңдауы бойынша электрондық немесе қағаз тасымалдағышта жүргізіледі. Жылдың соңында «Қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы бойынша жылдық жедел деректер» салық тіркелімі қағаз түрінде басып шығарылып, орындаушының, бас есепші мен кәсіподақ ұйым төрағасының қолы қойылады.

### **13. Салықтық бақылау**

13.1. Салықтық бақылау – бұл салық органының ҚР салық заңнамалары мен ҚР өзге де заңнамалар нормаларының орындалуына жүргізілетін бақылауы, оған бақылау жүргізуді салық қызметі органына жүктелген.

13.2. Кәсіподақ қызметіне қатысты салықтық бақылау төмендегідей үлгіде жүргізіледі:

- салық органында ұйымды және оның филиалдарын тіркеу;
- салық нысандарын қабылдау;
- салық міндеттемелерінің және міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, ұстау мен төлеу бойынша міндеттемелерді, есептеу және әлеуметтік аударымдарды, МӘМС, МӘМС жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын төлеуінің орындалуын есепке алу.

13.3. Кәсіподақ ұйымы мен оның филиалдарының мерзімінде салық органдарында тіркелуін қамтамасыз ету мақсатында төмендегі лауазымды тұлғаларға талаптарды орындау үшін салық төлеушілер ретінде жеке жауапкершілік жүктеледі (Салық кодексінің 500-564-баптары):

- Орталық комитет бойынша – Кәсіподақ төрағасына;
- заңды тұлға мәртебесі бар облыстық, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының ұйымдары бойынша – ұйым төрағаларына;
- филиалдар бойынша – филиалдар төрағаларына.

13.4. Қазақстан Республикасы Салық кодексінің және осы салықтық есептілік саясатының талаптарына сәйкес салық үлгілерін мерзімінде ұсыну туралы жеке жауапкершілік төмендегі лауазымды тұлғаларға жүктеледі:

- Орталық комитет бойынша – бас есепшіге,
- заңды тұлға мәртебесі бар облыстық, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының ұйымдары бойынша – бас есепшілеріне;
- филиалдар бойынша – филиалдар есепшілеріне.

13.5. Тексеру барысында анықталған қателер мен кемшіліктерді жою жеке жауапкершілік 13.4.-тармағында көрсетілген лауазымды тұлғаларға жүктеледі.

13.6. Міндетті және ерікті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдардың толық ұсталуын, мерзімінде уәкілетті органға – жинақтаушы зейнетақы қорына аударуылуын, тексеру кезінде анықталған міндетті және ерікті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды, МӘМС жарналары, МӘМС және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, ұстау мен аударуда жіберілген қателіктер мен кемшіліктерді жою, 13.4. тармағында көрсетілген лауазымды тұлғалардың жеке жауапкершілігі болып жүктеледі.

13.7. Салық қызметі органдарымен салық төлеушінің тіркеу есептерінің деректері мен нақты мекенжайының сәйкестігін орнату мақсатында салықтық тексеруді жүргізеді (тіркеу құжаттарында көрсетілген заңды мекенжайына). Уәкілетті органдар заңды мекенжайдың өзгеруіне байланысты мерзімінде қайта тіркеуден өткізу жеке жауапкершілігі кәсіподақ ұйымының төрағасына жүктеледі.

13.8. Салықтық тексеруді жүргізу кезінде салық төлеушінің тарапынан міндеттемелерді орындау жеке жауапкершілігі осы салық есептілік саясатының 13.3. тармағында көрсетілген лауазымды тұлғаларға жүктеледі.

13.9. Қазақстан Республикасы Салық кодексінің салықтық бақылау жүргізу бойынша ереже талаптарын бұзу Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқықбұзушылық» Кодексіне сәйкес әкімшілік құқықбұзушылық жауапкершілігі қарастырылған.

#### **14. Салықтық есептік саясатын сақтау жауапкершілігі**

14.1. Салықтық есептік саясатын сақтау жауапкершілігі Кәсіподақ төрағасына жүктеледі.

14.2. Кәсіподақ төрағасы бас есепшісінің немесе салық және бухгалтерлік есептілікті жүргізу міндеті жүктелген тұлғаның (заңды және жеке) материалдық жауапкершілігі туралы келісім-шартына ҚР Салық кодексінің талаптарын орындауда жіберілген әкімшілік құқықбұзушылықтарға, лауазымды және заңды тұлғаларға салынған айыппұл санкциялары түрінде жіберілген шығындарға жеке материалдық жауапкершілік туралы ережелерді енгізуге құқылы.

14.3. Кәсіподақ төрағасының, сонымен қатар бас есепші немесе салық және бухгалтерлік есептілікті жүргізу міндеті жүктелген тұлғаның талаптарын орындау Кәсіподақтың барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.